

# БОСАҒА

(Үштаған)

## 1. АҚ НИЕТ

Телжанның алдында сонау бір кезде торкөз дәптердің беті не жазылған тілімдей-тілімдей төрт хат жатыр. Төртеуі де сар тап боп сарғайып, илеген терідей жұмсарып, әбден тозған. О баста көк сиямен маржандай етіп тізілген жазулары да енді көмескілеу көрінеді. Жылдар бойы бойтұмардай қасиеттеп келген осынау хаттарды ол қаншама рет оқып, қаншама тәубесіне сы йынғаны есінде жоқ. Бір жуса кетіп қалатын бармақтай бағына мастанып, көзі тұмандана бастағанда осы хаттарды қолына алар еді. Қолына алған кезде баяғы бір күздің қара суығында әлдебір көк атты адамның артына жабысып бара жатқан кішкентай қара бала көз алдына келер еді...

\* \* \*

Ол уақытта Телжанның көкесі бір табын тайынша бағатын да, жаз жайлауға, қыс қыстауға үнемі көшіп жүретін. «Ауыл» дегенді естігені болмаса, жеті жасына дейін бұл етек-жеңді елжұртты көрген жоқ. Көкесі қыс бойы таудың бір қуысындағы жапырайған жалғыз қыстауда жүз қаралы тайыншаның жемсуымен әлектеніп, жаз шыға жайлауға асығатын. Жайлауы – жолай бір қонып, екінші түнемелікте ғана әзер табан тірейтін Терісбұлақ деген ну орманды, қойнау-қолатты мол аңғар. Көк мұздың көбесі сөгіле, осы иен өлкеге алғаш қос тігетін де Телжанның көкесі, сол қосын жайлауға қызыласықтан қар түскенше жықпайтын да Телжанның көкесі еді. Жаз бойы көрші отырып, көңіл көтеріскен төңіректегі қойшы қауым тамыздың аяғында, тау басын қар шалған күні-ақ енді бұл жердің қойға қоныс болмайтынын айтып, балаларының мектепке баратынын сылтауратып, ықтасынға қарай ығыса жөнелетін. «Әзбер ген-ау, бізде де оқитын балалар

бар. Ел қатарлы еңіске жыл жымаймыз ба?» – деп апасы қиналса, көкесі: «Тәйір-ай, оқу қайда қашар дейсің, бірер күн кешігіп барса, кенже қалар деймісің», – дейтін жайбарақат. Оның сол «бірер күні» бірер аптаға созылатын да, ақыры сентябрьдің ортасына таман: «Жә, балаларды мектепке апаратын мезгіл болған шығар», – деп асықпай жинала бастаушы еді.

Телжан мектепке баратын жылы да көкесі тағы өстіп ұзын арқан, кең тұсауға салған. Әлі есінде, бірде шай үстінде апасы:

– Әзберген, сен осы биыл Телжанның да оқитынын білемісің? Жетіге толды ғой, – дегені бар.

– Қой, әрі! Жетіге толғаны несі? Кеше ғана туған бала емес пе? – деп ол тізесінде отырған бұған бажырая қараған.

– Алжыған байғұс-ау, қай балаңның қашан туғаны есінде жоқ па? Жүз тайыншаны күніне жүз санаумен-ақ күнің өтті ғой, – деп апасы сонда түңіле күрсініп еді.

Әр малдың түсін қарап – тегін, тісіне қарап – жасын айыратын көкесі алдындағы жүз тайыншаның қайсысы қай уақытта, қай сиырдан туғанына дейін білсе де, төрт баласының аты мен жасын жиі шатастыратыны рас-ты. Ауылға арнайы кітап алуға барса, бесінші класқа баратын баласына алтыншының, төртіншіге баратын баласына үшіншінің оқулықтарын әкеліп, артынан аңыре-еп отыратын. Аңырып отырып: «Тәйір-ай, сатып алған дүние сасып кетер деймісің. Биыл оқымаса ке лесі жылы оқиды да», – деп рахаттана күлетін. Сосын бір күні ет жеп болған соң: «Әй, осы үйде қағаз құрып қалған ба? Әке-ліңдер, анау ескі кітаптарды», – дейтіні тағы бар. Сатып алған киімдері де бір баласына дәл келген емес. Әдетте олары қашанда қанардай қолпылдап тұрады. Оған айтар уәжі біреу-ақ: «Тәйірай, бала өспей ме екен?.. Өскенде дәл болмай ма екен?..» Бала өскенше ол «қанардың» етегі етіктің өкшесіне қырқылып, жырым-жырым боп тозып та бітеді. Тозса несі бар, көкесінің жаңа «қанары» үстіне қолп ете түседі. Айта берсең, Әзкеңнің мұндай қызықтарын тауысып бітпейсің. Сол уақытта қырықты қусырып тастаса да серілігі қалмады ма, кім білсін, кейде түсінен шошып оянғандай:

«Жиналысқа барам», – дейтін де, балашағасын иен тауға қалдырып, сонау шалғайдағы ауылға суыт жүріп кететін. Ол неткен ұзаққа созылған жиналыс екенін өзінен басқа ешкім білмейді, арада он шақты күн өткенде, жақ жүні үрпиіп, көзі кіртііп эзер жетеді. Сондай бір «жиналыстан» оралған күні ол:

– Бағаш, Телжанның жетіге толғаны рас екен. Қабдөш мұғалім «Балаларыңды мектептен кешіктірме, кіші ұлыңды да тізімге жазып қойдым» дейді. «Кіші ұлың» дегені осы Телжан ғой, – деді тақыр басын сипай отырып.

– Бұдан басқа қайдағы кіші ұлың бар еді, жазған?.. Бұның жетіге толғанын өткенде ғана айтпап па едім, – деді апасы.

– Е, айтқасың, айтқасың... Айтқаның есіме түсіп, кітап та ала келдім, – деп ол іргеде бүйірі бұлтиып жатқан қара қоржыннан сырты жылтыр бір кітапты алып, Телжанның апасына берді.

Апасы кітап сыртына көз жүгіртіп өтті де:

– Бар бол, бар болғыр, – деді күйініп. – Мынауың «Букварь» ғой. Балаңды орысша оқытатын ауылда қай мектебің бар еді?

– Е, қайдан білейін, Тұрғазыға бірінші кластың кітабын бер деп едім... бергені осы да. Жарайды, орысша түсінген кезде бұ да жерде қалмас, тығып қой, – деді көкесі байыппен.

Телжанның кітабы болмаса да, апасы қара сәтеннен қағазкітап салатын дорба тігіп берді. Мектепке киер бір қабатын да сақадай сай етті. Бұның бәрі дайын болғанда, Телжан мектепке тіптен асыға түсті. Асығумен жаз өтіп, күз келді. Маңайдағы малшылар балаларын баяғыда ауылға аттандырған. «Оқу қайда қашар дейсің, ойдың қара тулақ өрісі малға от бола ма?» – деп Терісбұлақтан табан аудармай қала берген тек Телжанның көкесі. Сол күндердің бірінде етекпен келген веттехник ағай Қабдөш мұғалімнің: «Балаларын тез жеткізсін», – деген «дұғай сәлемін» де әкелген. «Е, жеткіземіз де, тәйірі», – деп көкесі тағы он күндей бейғам жүрді де, ақыры сентябрьдің ортасына та ман үлкен екі ұлын жеке атқа мінгізіп, Телжанды артына мін гестіріп, ысқыра әндетіп, ауылға жүріп кетті.

Қостан ұзай бере бұл артына мойын бұрғанда, апасы жерошақ басында қаққан қазықтай мелшиіп, ақ жаулығымен кө зін сүр тіп тұрғанын байқап қалған. Апасының сол тұрысы, бүкіл жайлаудағы жалғыз тіршілік белгісіндей түтіні сыздықтап, иен шатқал аузында қала берген қараша қос, сол қос іргесінде арқырап аққан Терісбұлақтың сарыны ұзақ жолда Телжанның есінен шықпай-ақ қойды. Дүниенің бар қызығы мен қуанышы, балдай тәтті күндері мен балбырап ұйықтар түндері – бәрі-бәрі артта қалғандай, енді сол ыстық шақтармен мәңгі қоштасып бара жатқандай көкірегі удай ашыды. Өксіп-өксіп жылағысы да келді. Ал екі ағасы қарагерге камшыны үсті-үстіне басып, ауылға асығып-ақ барады. Кейде құйындата шауып, қара үзіп те кетеді. Өздері мәз. «Несіне мәз десеңші...» Бұның өзегін өрт жалап келе жатқанын көкесі де сезер емес, ыңылдап айтқан өз әнімен әуре. Оның қандай ән екенін Телжан білмейді, әйтеуір, әлдеқандай мұңлы әуен өз жүрегін де шымырлата түседі. Осы әуеннің ырғағымен жирен қасқа да құлақтарын кезек қай-шылап, бір қалыпты аяндайды да отырады. Оқта-текте көкесі ар тына қарамастан:

– Әй, түсіп қалған жоқсың ба? Қанжығадан мықтап ұстап ал, – деп қояды. Сосын таңдай қағып:

– Япыр-ай, ә?.. Сен де оқитын болдың, ә? Зымыраған заман деген осы, – деп не замат үнсіз қалады да, тағы таусылмас әуеніне басады.

...Бұлар жолай бір қонып, ертеңінде түске таяу ғана ауылға жеткен. Жетісімен көкесі ағаштан қиып салынған ұзын қара үйдің алдына тоқтады да:

– Мектебің осы, балам, – деп аттан түсе бастады. Аулада шулап ойнап жүрген балалар алыстан артынып-тартынып жеткен бұларды лезде қоршап алған. Адам көрмегендей бәрі үдірейе қарайды. Бір-біріне қарап, күліп те қояды. «Мыналарды қара, мектепке жаңа келіп тұр», – деп мазақтап тұрған секілді. Секпіл бет бір сары бала Телжанға тілін шығарып, аузын да қисайтып жіберді. Бұның буын-буыны дірілдеп, көкесінің бауырына тығыла түсті.

– Өй, қорыққаны несі, әй?.. Бұлар да өзіндей бала емес пе?.. Жүр, деректірге барамыз, – деп көкесі бұны жетелей жөнелді.

«Деректір» көзінде әйнегі бар, ұзын, қара кісі екен. Шекпенінің етегіне шалына кірген көкесінің сәлеміне ол да ернін жыбыр еткізді, орындығын сықырлата шалқайып:

– Сонымен келіп қалдыңыз... «Таз таранғанша той тарқағаны» осы да, – деді мырс етіп.

– Қайтейік, малдан босай алмадық, – деді көкесі босаға тұсын дағы орындыққа отырып жатып.

– Сонда сізден басқа малшының баққаны мал емес пе екен? – деп «деректір» көзілдірігін жұлып алды.

– Әрине, мал ғой... Бірақ менің баққаным сиыр ғой. Сиырдың жайы өзіңізге белгілі...

– Сиырдың жайы емес, маған баланың жайы керек. Жәні түзу ата-ана баласын мектепке он бес күн кешіктіріп әкеле ме? Он бес күнде өзге балалар қаншама программа өткенін сіз білесіз бе?

– Қайдан білейін, бәсеке?..

– Әрине, сіз қайдан білесіз... Сіз тек сиыр жайын ғана білесіз де... Жылда өстіп ақсақ қойдай ел соңында жүресіз. Жылда сіздің балаларыңыз үшін Қабдөш жүгіреді де жүреді. Биыл да екі балаңыздың документтерін интернатқа дайындаған Қабдөш... Кстати, ол сізге кім болады? Туысыңыз ба?

– Жоғә, жай таныс мұғалім.

– Жасырасыз да, әйтпесе бөтенге бөтен жақсылық жасай ма? Жең ұшынан жалғасқан бір жақындықтырыңыз бар-ау, – деп ол кенет қулана жымыды. Сонан кейін көкесінің жанында дір-дір етіп тұрған Телжанды жаңа көргендей:

– Сен, бала, неге селтиіп тұрсың? Отыр, – деді көкесінің қасындағы бос орындыққа сұқ саусағын кезеп. Телжан жыл дам отыра қалды. «Деректір» көзілдірігінің шынысын ақ орамалмен асықпай сүрте отырып:

– Кстати, сіз сонда қандай сиыр бағасыз? – деді біртүрлі жұмсақ үнмен.

- Тайынша ғой, бәсеке.
  - Семіз шығар.
  - Әрине, қазірдің өзінде әрқайсысы бес центнерден аспаса, кем түспес.
  - Менің де бір-екі тайыншам бар еді. Жаз бойы қырып аларға қылшығы жоқ үй маңын шиырлады да жүрді. Қазір қабырғалары ырсып әзер тұр.
  - Ойбай-ау, ерте көктемде айтпадыңыз ба? Табынға қосып алып кетер едім ғой.
  - Әлі де кеш болмас. Былай... түсінесіз ғой, совхоз салған сыр ғаны ауыстыра салу дегенді... – деп «деректір» көкесіне сығырая күлді.
  - Тәйір-ай, со да сөз бе екен?.. Тек біздің балаларға оң көзбен қа рай жүрсеңіз...
  - Оған қам жеменіз... Екі балаңыз қазір интернатқа барып орна лассын. Ал мына ұлыңыздың шаруасы мені қинап тұр. Өзін дей балалар оқу программасын біраз еңсеріп тастады, алды аздап жаза да, оқи да біледі. Қаламды қалай ұстауды білмейтін бұл енді оларды қалай қуып жетпек?
  - Рас-ау, – деп көкесі оп-оңай келісе салды. – Ендеше бұны мен қайта алып қайтайын. Келесі жылы оқыса да кешікпес.
  - Сөйткеніңіз жөн шығар. Бірақ дәрігерден «ауырып қалды» деген справка алып, бізге тастап кетіңіз. Бұл баланың атыжөнін Қабдөш тізімге жазып қойған.
  - Тәйір-ай, дәрігер қыз өзіміздің балдыз ғой, – деді көкесі жирен мұртын шиырып.
- Манадан шыбын жаны шығардай боп отырған Телжанның да арқа-басы кеңіп сала берді. «Деректір жақсы кісі екен» деп қойды ішінен... Осы сәтте есік сықыр етіп ашылды да, қол тығына көп кітап қысқан, бетінде сәл қорасан дағы бар тығыршықтай сары адам кіріп келді. Көкесі орнынан ұшып тұрып:
- О, Қабдөш те кеп қалды-ау! Ассалаумалейкүм! – деп оған қос қолын соза ұмтылды.

– Есен-саусыз ба, Әзеке? Қараша қаздай қаңқылдап жеттіңіз бе ақыры?  
– деп Қабдөш мұғалім күле сөйлеп, көкесінің қолын алды. Сонан соң Телжанға бұрылып:

– Қалай, батыр, оқимын деп құлшынып отырсың ба? – деді даусын көтере созып.

Телжан именшектеп, жүзін төмен салды. Соңғы сөз жүрегін зырк еткізген.

– Бұ батыр келесі жылы оқитын болды, Қабеке. Біз солай келіс тік, – деді көкесі. «Рас па?» дегендей Қабдөш мұғалім «дерек тірге» қараған.

– Иә, солай, келесі жылы оқысын. Бір жылдың ары-берісі жоқ, қайта ақылы толып келеді, – деді «деректір».

Ернін жымқыра тістеген Қабдөш мұғалімнің сарғыш өңі күрт күреңітіп кетті. Бетіндегі қорасан дақтары да жыбыр-жыбыр еткендей болды.

– Жоқ, бұлай істеуге болмайды, Сәке. Егер сізше айтсақ, он бес күннің де ары-берісі жоқ. Баланы оқыту керек.

– Өй, сен не деп кеттің, ей?! Он бес күнде қаншама программа өтілгенін өзің де білесің. Ертеңгі күні бұл үлгере алмай жатса, кім жауап береді? Кім? Ақсағын қойып, сауын бағып алмайсың ба, құрғыр...

– Сәке, қиналмаңыз, мен жауап берем. Бірінші класты оқыта тын өзге емес, өзім ғой. Ендеше бір баланың жауапкер шілігін өз мойныма алайын, оқысын.

«Деректір» тағы да көзілдірігін алып, шынысын ұзақ сұртті. Ұзақ ойланды. Күнім енді не болар дегендей Телжаның да жанарына жас толды.

– Сәке, осыған келістік. Бала оқысын, – деді Қабдөш мұғалім жалынғандай.

– Жарайды, оқысын. Бірақ, есінде болсын, бәріне өзің жауап бересің, – деді «деректір» амалы құрығандай. – Ал, сіз не дейсіз, Әзеке?

– Оқыса оқысын, – деп ол бұған да оп-оңай көне салған.

Сонымен мәселе шешілді. Телжан оқитын болды. Оқығанда, тура Қабдөш мұғалімнің өзінен оқитынын білді. «Деректірдің» кабинетінен салы

суға кетіп шыққан бұны көкесі дүкенге ертіп барып, костюм-шалбар сатып әперді. Шалбарының балағын үш қайыра бүктеп, костюмінің жеңін екі қайыра түргенде, Телжанға бәрі «шап-шақ» боп шыға келді.

– Бұдан кішісі болмай тұр, – деп сатушы қиналып еді:

– Тәйір-ай, бала өспей ме екен, өскенде дәл болмай ма екен?.. Сен одан да маған он шақты «ақ» тауып бер, – деді көкесі.

Қылқиған ұзын мойындарды қара қоржынға сықап салып алған соң да:

– Қой, мен сені Жоламанның үйіне қалдырайын да, қайтайын, балам. Апаңның жалғыз қалғанын білесің, кешік сем, қорқатын шығар, – деп сыртқа беттеді.

Көшеде атын жетектей жүріп ол Жоламан жөнінде де бірсыдырғы сыр айтқан. Телжанның түсінгені – ол «сапқозда үлкен бұғалтыр екен». Бұларға жақын туыс көрінеді. Оның әкесінің шешесі мен көкесінің әкесінің шешесі бір анадан туыпты. Апа сы жағынан «Жоламанның үйіндегі келін» де алыс емес сияқты. Қысқасы, ол үйде бұны шекеден шертіп, шөміштің басы нан қағатын ешкім жоқ боп шықты.

Расында, Жоламанның отбасы бұларды құшақ жайып қарсы алып еді. Ауласы ат шаптырым абажадай қара үйдің табал

дырығын аттағаннан-ақ толықтау сары әйел сәмпылдай сөйлеп, көкесін төрге бір-ақ атты. «Айналайындап» бұны да жоғары жылжытты.

– Ау, балдыз, бөлем қайда менің? – деді көкесі жұмсақ диванға шалқая отырып.

– Бөленді құдай алды дейсің бе, жезде... Жатыр, әне, – деп көкесінің балдызы төргі бөлмеге иек қақты.

– Не дейд, құрғыр?.. Жайшылық па, әйтеуір?

– Баяғы өзің білетін ауру да, жездеке.

– Е, тәйір-ай, оны жазу оңай ғой... Жоламан! Ау, Жоламан, бері шық, кәне!

Көкесінің желке тұсындағы жарма есік қақ жарылды да, көзі қызарып, беті ісіп кеткен біреудің ұйпа-тұйпа басы көрінді.



– Ау, бөле, саған не болған? Тірімісің?

– Не болғанын сұрама, Әзеке, – деп қызылкөз кісі көкесінің иығына басын сүйеді.

– Телжан, әкел ана қоржынды! – деді көкесі әмірлі.

Әмірі әп-сәтте орындалды. Қоржынның екі басынан екі қарын сары май мен екі ұзын мойын столдан орын алғанда, көкесінің балдызы аузын ашып, көзін жұмды. Сосын көзін ашып, аузын жұмды.

– Әй, жездем-ай, қоржынның құр жүрмейді-ау. Тек сағындыратының жаман, – деп ол екі қарын майды екі қолтығына қы са жөнелді. Енді бір мезетте оның сәмпылдаған үні ауызғы бөлмеден естілді:

– Жезде, балаңның аты кім?

– Телжан ғой, балдыз. Баяғыда біз Қарақыстақты қыстаған жылы өзің қалжа алып келмеп пе едің? Сондағы қызылшақа емес пе?

– Ойбүй, бетім-ай! Ұмытып қаппын, тегі... Телжан, бері келші, күнім.

Телжан қорғаншақтап ауызғы бөлмеге шығып еді, шымшуыр ұстаған көкесінің балдызы қазан-ошақ қасында тұр екен.

– Күнім-ау, қалай тез өсіп кеткенсің? Сені де қолғанат болар деп кім ойлаған?.. Телжан, сен мына отты көсеп-көсеп жіберіп, самауырға шоқ сала берші. Мен сиыр сауып келе қояйын, – деп, шелек алып сыртқа беттеді.

Көсеп-көсеп жіберіп, көсіп ала қояр қызыл шоқ көрінбеді, бықсыған шалаларды деміккенше үрлеп жағып, қоламта ара

сында жұлдыздай жылтыраған ұшқындарды шымшып теріп, өз бойындай самауырдың кеңірдегін кептегенше недәуір уақыт өтті. Бұл жұмысты біттім-ау деген кезде сырттан:

– Телжан, мұнда келе қойшы, күнім, – деген дауыс естілді.

Санап басып сыртқа шыққанда, аулада аспанға қарап майысып тұрған көкесінің балдызын көрді.

– Жарықтықтың күні жауайын деп тұр ма, қалай? Үй сыртында аздаған қу шырпы бар еді, күнім... сен соны сарайға кіргізіп, жинай-жинай салшы, су боп қалар, – деді ол.

Аздаған қу шырпысы – тау-төбе боп үйіліп жатқан қарағай жаңқа екен. Телжан олардың ұсақтарын құшақтап тасып, кесек терін құмырсқадай сүйреп жеткізіп, сарайға «жинай-жинай» салғанша» демі де бітті, дымы да құрыды.

Тәлтіректей басып үйге кірсе, тақыр басы шып-шып терлеп, көкесі күрең шайды рахаттана сораптап отыр дейсің. Көсіле сөйлеп, көсемсіп те қояды. Жанында жағын таянып, көзін тарс жұмып алған Жоламан оны тыңдап отыр ма, ұйықтап отыр ма, белгісіз. Үстел шетінен орын тиген бұл бір кесе шайды аузына ала бергені сол... түкпірдегі бөлмеден шар ете қалған сәби үні естілді.

– Телжан, ана баланы сәл ғана тербете тұршы, көкеңе шай құйып берейін, – деді көкесінің балдызы.

Баланы «сәл ғана тербетуге» барған Телжан бесік жанында тағы ұзақ айналған. Еметін мезгілі жетті ме, шыр-шыр еткен шынашақтай неме тербеткен сайын шырқырай түседі. Үйде кішкентай Әйкен жылағанда, Телжан қоса боздайтын. Сонда апасы бұны да бауырына басып уатушы еді, «Айналайын, қозым», – деп бетінен сүйеші еді. Енді бұны кім «айналайын» дейді? Кім бетінен сүйеді?..

– Балдыз, Телжанды сендерге тапсырдым. Тағы бір ауыз тап болды деп артық көрмеңдер. Қысқы соғымдарың менен, – дейді есік сыртында көкесі.

– О не дегенің, жезде? Жалғыз баланың аяғы мен аузын көп көрсек, ағайындығымыз қайсы? Бірақ келмей жатып бала бақты рып қойғанымна ренжіме. Қайтейін, қолғанатқа зармыз.

– Тәйір-ай, баяғыда молдаға баласын берген адам «еті сенікі, сүйегі менікі» дейді екен ғой. Бұның да еті сендердікі, балдыз.

Шамасы, жылай-жылай шаршаған болу керек, әлден уақытта баланың үні кілт өшті. Телжанның да қолы бесіктен босады.

Алайда, әңгіменің қызуымен ұмытып кетті ме, көкесінің балдызы бұны қайта шайға шақырған жоқ, өзі сұғынып жетіп баруға ұялды да, бесік жанында жаутандап отыра берді. Өстіп отырып, бір мезет төсек асындағы тегеш толы бауырсаққа көзі түсті. Иісі аңқып тұр, шіркін! Бұл сол сәтте ғана

қарны қат ты ашқанын сезді. Аузына кермек дәм келді де, жұтынып-жұтынып қойды. Өз үйі болса, анау қызылқоңыр бауырсақтарды екі ұртына толтырып алып, қаужаңдап отырар еді. Амал не, қа зір оған көз салудың өзі ұят секілді... Япыр-ау, бұны неге шай ға шақырмайды? Баланың қарны ашты-ау деп неге бірі ойламайды? Бұл да адам еді ғой. Бұның да жейтін аузы, жұтар өңеші бар емес пе? Жетім қозыдай жаутаң қаққан мына күйін апасы көрсе қайтер еді?.. Телжанның аш өзегіне ащы өксік тірелді. Артынша ыпыстық жас бетінен домалай жөнелді.

– Ал, балдыз, мен қайтайын енді...

Телжан атып тұрып, алдыңғы бөлмеге жүгіріп шықты да, көкесін құшақтай алды.

– Өй, не болды саған?! Неге жылайсың, құлыным?!

– Ойбұй, бетім-ай, бұл бала тарс есімнен шығыпты-ау. Келші, күнім, шай ішші.

– Қой, құлыным, жылама! Жыламай-ақ қойшы! Ауылға ертең-ақ көшіп келеміз... ертең-ақ

Телжанның екі иығы селкілдеп, өксігін баса алсашы. Өксіп тұрып көкесінің ыстық құшағына тығыла түседі. Ащы тер аң қыған осы құшақтан айырылғысы жоқ. Кенет төбеден тас құлағандай үстел гүрс ете қалды да, ыдыс-аяқ еденге салдыргүлдір құлап түсті. Телжан жылағанын кілт қойып, көкесінің қолтығынан сығалап еді, жаңа ғана үтелде басы жығылып жатқан Жоламанның аузынан көбігі ағып, қызыл көзі аларып кетіпті. Тістеніп жұдырығын да түйіп алған.

– Бұ-бұ кім, әй?! Әк-кесі өлгендей бо-боздаған!.. Әкең өлсе, әк-кеңді мен...

Көкесінің балдызы ыдыс-аяқтың сынығын жинап, үстел астында жүр. Бұрқ-сарқ қайнап жүр:

– Зәрін ішкір ит-ай! Зәрін ішіп қата қалмай ма бұл, қата қалмай ма?!

Көкесі Телжанның қолынан ұстап, сыртқа шығуға ыңғайланды:

– Балдыз, мен қайтайын... Жо-жоқ, біз қайтайық. Телжан киіне ғой, құлыным, киін тез.

– Қайтқаны несі?.. Бала қалсын да.

– Жо-жоқ, алып кетейін, балдыз. Деректірдің өзі келесі жылы оқысын деген. Оқу қайда қашар дейсің?..

Бұлар сол күні түні бойы жол жүріп еді. Жол жүргенде таусылып бітпейтін көкесінің әні де сол күні түнде түгесілгендей еді...

\* \* \*

Қар жастанып, мұз төсеніп қыстауға көшіп келгендеріне екі-үш күн болған. Шаңқай түсте буы бұрқыраған бір табақ етті алдарына қойып, жаңа жәукемдеуге кіріскенде... ұзын қара плащ киген біреу табалдырықты аттай берді... Қабдөш мұғалім! Бір түйір ет Телжанның тамағына кептелді де қалды.

– Тәңірім-ау, өзіңсің бе, Қабеке? – дейді көкесі танданып.

– Аңқиып отырмай қонақты шешіндірсеңші, – дейді апасы да абдырап.

– Жә, әуре болма, Әзеке, – деп Қабдөш мұғалім плащы мен қалпағын босаға тұсына ілді де, төрге озды.

Телжан асықты жілікті белінен қыса ұстаған күйі сіресіп әлі отыр. Бойынан жаны ұшып кеткен секілді. Қырсыққанда, Қабдөш мұғалім тура жанына жайғасқан.

– Халің қалай, батыр? – деп ол бұның басынан сипалап қойды. «Батырдың» басы тіптен салбырай түсті.

– Осы батыр үшін ұятты боп жатырмыз, Қабеке, – деді көкесі қипақтап.

– Жарайды, қысылатын дәнеңе жоқ, малшының жағдайын білеміз ғой. Өздерің қалай, ат-көліктерің аман жеттіндер ме? – деп Қабдөш мұғалім әңгімені өзге арнаға бұрып жіберді.

Телжанның жаңағы ұшып кеткен жаны қайта оралғандай, еңсесін аздап көтере бастады. Көкесінің де арқасынан ауыр жүк түскендей, етті маңғаздана турай отырып, шаруа жайын шалулауға көшкен. Шаруа жайы – баяғы жүз тайыншаның жайы, олардың жайлаудан іркілдеп қайтқаны, аманшылық болса, көктемде бәрі бұзаулап тұратыны. Шай қамымен жүрген апасының да әңгімесі көбейген. Оның айтатыны – балалардың жайы, мал-мал деп жүргенде олардың жыл сайын мектептен кешігіп қалатыны, соған өздерінің қиналатыны, бірақ бір баласының тәртібі мен үлгерімі үшін ешкімнен сөз естімегені.

– Ол рас. Бекен мен Төкеннің сабағы жақсы, тәртібі де тәуір. Қайта қағанағы қарқ, сағанағы сарқ кейбір еркетотайларға қар нымыз ашады. Соларға не жетпейді десеңші, – деп Қабдөш мұғалім қиналыс білдірді.

– Тегі жаман да, тәйірі. Баяғыда менің әкем қара танымаса да қалың елді аузына қаратқан. Ал мен...

– Ал сен жүз тайыншаны таяғыңа қаратып жүрсің, – деп апасы мырс етті. – Жазған-ау, мақтанғанша сөздің жөнін айтпайсың ба? Баланы басқа секіртетін «әкем-көкем» емес пе?

Көкесі кібіртіктеп, жүзін төмен салды.

– Қайда барсам, әйтеуір, жүз тайынша алдымнан шығады... Қа беке, өзің жайша жүрсің бе?

Қабдөш мұғалім жанындағы Телжанға бұрылды. Телжанның қайта оралған жаны қайта ұшуға айналды.

– Сендердің көшіп келгендеріңді естіп, бүгін ат басын арнайы осында бұрдым. Келген шаруам – мына баланың мәселесі. Өткенде бұны неге қайта алып қайтқаныңды түсінбедім, Әзеке. Ал ғашында бәріне келіскен сияқты едік.

Апасы күрсінді. Күрсініп алып:

– Сізбен келіскенмен, пәтер жағымен келісу қиын ғой, мұғалім. Баланы Жоламанның үйіне алып барған екен... – дей беріп еді, Қабдөш мұғалім:

– Ә, түсінікті, айтпай-ақ қойыңыз, – деп қабақ шытты. – Әзкең асыққан ғой, әйтпесе жөні түзу пәтер табылар еді. Бірақ әлі де кеш емес. Тоқмырза мұғалімді білетін шығарсындар?

– Білгенде қандай! Баяғыда мен оған шөбін тасып алуға торы атымды талай бергем, – деді көкесі желпініп.

– Ол кісі биыл пенсияға шыққан. Өзі де, әйелі де инабатты адамдар. Мен Телжанды солардың үйіне орналастырайын. Бір ай сабақтан қалса да, бұл баланың үлгеруіне өзім күш салармын. Жасы жеткен баланы оқытпай қоюға менің дәтім де, ұятым да шыдамайды...

– Ойбай, оқысын, құрғыр. Бұны оқытпағанда тайынша бақтырамба? – деп көкесі қалбалақ қақты. Апасы недәуір ойланып отырды да:

– Жарайды, мұғалім, Телжанды бір өзіңізге тапсырдық, – деді.

Телжан түс ауа, көк атқа мінген Қабдөш мұғалімнің артына жабысып, қыстаудан ұзай берді. Алдынан қара суық үріп тұрды. Қара жолда қаңбақтар далбақтай домалап жатты.

\* \* \*

Телжан қоңыр мінез, қоңырқай тірлікпен Тоқмырзаның үйін де де бес айын өткізді. Бұл үйде мұның бетіне қарап, сен қалайсың дейтін пенде жоқ. Біртоға мінез Тоқмырза да, задында жуас Зәмзә тәтей де қатты сөйлеп, қабақ шытуды білмейді. Үйдегі бүкіл жұмыс ыммен тынып, ишаратпен істеліп жатады. Ең қиыны, сол ымды түсініп, ишаратты сезуің ғана. Айталық, үйге кіргенінде Зәмзә тәтей аяғыңа сұқтанып көбірек қараса, жұлығыңа балшық көбірек жұққаны. Оны дереу тазалап келгенің жөн. Үйде ары-бері жүргенінде Тоқмырза жиі-жиі жөткі рінсе, тәпішкеңді тарпылдатпай, жайлап-жайлап бас қа-ның дұрыс. Тәпішке демекші, осы бір тырпылдаған дүние Тел жан ның аяғына бәле болып жабысқан. Өз үйінде етігі мен «вездеходтай» безіп жүруші еді, енді есіктен кірсе бол ды, тойтайып осы бәле күтіп жатады. Соның қырсығынан бә теңкеңді күніне жүз киіп, жүз шешесің. Алғашында бұған үйрене алмаған Телжан тәпішкеңді сүйретіп сыртқа да шығып кеткен.

Бірақ ол үшін бұған ешкім ұрысқан жоқ, Тоқмырза ағай тәпішкеге жабысқан балшықты пышақпен ұзақ қырды. Қы рып болған соң, сабынды сумен жуып, таза шүберекпен таба нын қайта сүртті. Сүртіп тұрып, бас шайқады. Бұдан соң Тел жан да аяғында не жүргенін ұмытпайтын болды.

Бұл үйде күйіп бара жатқан жұмыс та жоқ. Қорадағы бірер қарасы мен он шақты қой-ешкісін Тоқмырзаның өзі жайлайды. Отын-суын да өзі әзірлейді. Телжанның міндеті – соларды үйге кіргізіп, ұқыптап жинап қою ғана. Және бір қызығы, «Әй, сен мынаны істе» деп ешкім бұған тапсырма да берген емес, Зәмзә тәтей ақырын сыбырлап: «Үйде су таусылып қалған ба?» – десе, су әкелуің керек. Тоқмырза ағайдың ерні ғана жыбырлап: «Бөлме суық па, қалай?» – десе, отын әкеліп, от жағасың. Кеш кілік үшеуі үстелдің үш бұрышында отырып, тамақ ішуге кіріседі. Тамақ ішкенде өз үйіндегідей Телжанның аузы шұрылдап, мұрны шуылдап, ес-ақылы шықпайды, өңешінен ас жым-жырт қана жылжып кетеді. Ыдыс ұстаған қолы қалтырап тұратыны тағы бар. Өйткені... бірде үстел шетіндегі кесеге шынтағы тиіп кетіп, еденге құлатып алған. Құлаған кесе кескен алмадай екіге бөлініп қалған. Зәмзә тәтей оны ештеп көтеріп, терезенің алдына қойып қойған. Сол кесенің сынығы

«Мені көрдің бе?» дегендей, қыс бойы өз орнынан жылжыған жоқ. Телжан терезе алдынан ары-бері жүргенде, оған қарамай өте алмайды. Қараса болды, бұл үйдегі дүниенің бәрі жат, бәрі бөтен боп көрінеді. Өзінің де бөтен екенін сезеді. Соңғы кезде өзі адамдарға жатырқай, жасқана қарайтын да мінез тапқан. Өзге балалар сияқты жадырап күліп, жайрандап жүре алмайды, үзіліс кезінде класта жалғыз қалып, терезеден сыртқа қарайды да отырады. Қысқасы, каникулда қыстаудағы үйіне барғанда, апасы да бұған таңғалған. «Құлыным-ау, неден жүдеп жүрсің, неге жүнжіп кеткенсің? Бала көрмеген үйдің базары сырдаң болушы еді, сол үйге қайдан тап болдың екен?» – деп көзіне жас алған, Телжан да үнсіз жылаған. Бірақ жылағаннан пайда не, каникул тез-ақ өте шығып еді.

Сол жылғы қыс та қыстығып, аш бөрідей ұлыды да тұрды. Қаңтар бойы қақаған аяздың соңы ақпан бастала ақ түтекке айналған. «Байтал түгіл бас

қайғының» кебі ме, бұрын апта сайын ат басын ауылға бұратын көкесінің де аяғы суыды. Бұрын терезеден көрініп тұратын ауыл шетіндегі күре жолды да көбінде ақ мұнар басып жатады. Ақ мұнардың арасынан ноқаттай қара көрінсе, Телжан елең қағып есікке ұмтылады. Күтетіні – көкесі. Бірақ қанша күткенмен ол жуық арада келмеген. Сонан соң бір күні мектептен басы ауырып келді де, ерте қымтанып жатып қалды. Сол жатқаннан мол жатты. Тұла бойы от боп жанып, түн ұзақ аласұрып шығады. Кірпігі сәл ілінсе, үрейлі түстер көреді де, селк етіп шошып оянады. Оянған сәтте үй сыртында бір үйір ит ұлығандай ышқына соққан боран мен баған басындағы сымдардың сарнаған зарын естиді. Өстіп қиналып жатқанда, бірде түнде Зәмзә тәтейдің: «Бәлесі тиер, құрғыр, дәрігер шақырсақ қайтеді?» – дегенін құлағы шалып қалған. Кішкентай кезінде бір дәрігер жамбасына ине сұққанда, шыбын жаны шырқырап еді, енді тағы да ине сұқпақ, тағы да жанын қинамақ. «Қой, таңертең үйге зытайын. Жо лай машина кездесер» деп ойлады Телжан. Осы оймен сары таңды сарғайып күтіп алды да, елең-алаңда қалыңырақ киініп, сыртқа шыққан.

Аспан қаймақтанып, құбыладан қызыл суық үріп тұр екен. Бар қуатын төсек сығып алғандай тірсегі майысып, тізесі дірілдеп, аулада аз-кем бөгелді де, тәуекелмен түзге бет бұр ды. Артта Тоқмырзаның тоқал тамы қалып барады. Тоқал тамнан ұзаған сайын тынысы кеңіп, жүрісі ширай түскендей. Тек ауруынан әлі айықпаған ба, басы зеңіп, шекесі солқ-солқ етеді.

Аспан асты балапан басқан құс бауырындай түлеп жатыр. Ауада кесек-кесек ақ мамықтар қалықтайды. Ақ мамықтар сұп-суық боп бетке жабысады. Телжан ауылдан шыға бір терең науаға түсіп кеткен секілді, жолдың екі жиегіне үйілген сеңсең қар үлкен адамның бойынан асады. Үлкен адамның белінен ғана келетін бұл терең науаның ішінде құмырсқадай қыбырлап барады. Аяқ асты, аспан асты – бәрі-бәрі аппақ қар. Аппақ қарды қара пимасы сықырлата сызып келеді. Қыстауға дейін қанша шақырым қалғаны да белгісіз. Күн ашық болса, төңіректегі қой нау-қолаттарға қарап, қай тұсқа келгенін, тағы қанша жүре рін біліп отырар еді, амал не, қазір қарға адым



жерден әрі бұл дыраған дүние – бұрқыраған ақ түтек. Осындай бұрқасында несіне жолға шықты екен? Бірақ шықпасақ шарасы болды ма? Бір апта ауырып жатқанда, үйден ешкім келмеді. Сол бір аптада күн сайын жағдайын біліп, жанашырлық көрсеткен жалғыз Қабдөш мұғалім ғана. Сол бір аптада бұл не ойламады десеңші! «Неге менің көкем ғана сиыр бағады? Неге ол да Сағынтай сияқты мектеп директоры болмады? Директор болмаса да неге ауылда тұрмады?» деген сұрақтар өзегін өрттей жалаған. Осы сұрақтар, міне, тағы да жүйкесін жеп келеді. Расында, көкесі директор болса, бұл өстіп қар жамылып, қалтырап келе жатпас еді, Сағынтайдың су мұрын баласы сияқты бұл да жылы үйде жымың қағып отырар еді. Сағынтайдың су мұрыны сияқты бұның да шанағы темір шанасы, өзіне шап-шақ шаңғысы болар еді. Шаңғы демекші, бұның қара пимасының өзі шаңғы секілді. Жарты құлаш тұмсығы қап-қайқы, ап-ауыр. Ұзын қонышы қылтасын қажай береді. Қайтерсің, «Әлі-ақ өсіп кетесің...» деп көкесінің сатып бергені осы ғой...

Телжан қанша жол жүргенін білмейді, әйтеуір, аппақ дүниенің ортасында құмырсақдай қыбырлап барады. Өзегі талып, таңдайы кеуіп келеді. Қыстауға жеткенше дымы құрып бітетін шығар, қазірдің өзінде аяғына қан түскендей адымы қысқарып қалған. Қырсыққанда, не алдынан, не артынан көрінген тірі жан жоқ. Пимасының сықыры мен жүрегінің дүрсілінен өзге селт еткен дыбыс та білінбейді. Қар үдей жауып тұр. Құбыладан соққан суық жел бар. Құбыладан соққан желдің арты қайсыбір күні алай-дүлей ақ боранға айналушы еді, япыр-ай, жол ортада арам қатпаса не қылсын?.. Басы құрғыр да мұздай құрысып, шекесі шыңылдап тұрғанын қарашы. Мынау аппақ дүние бірде қарауытып, бірде қып-қызыл боп кететіні несі? Аяғы неге тәлтіректей бастады? Шынымен-ақ бар күшінің сарқылып біткені ме бұл?

Телжан бірер минут бой суытып алайын деп, жол жиегіндегі қасат қарға сылқ етіп отыра кетті. Отырған сәтте көз алды тағы қып-қызыл болып, дүние төңкеріліп жүре берді. Жаңа ғана көлбей жауып тұрған қар енді шырақты айналған көбелектей шыр айнала жөнелген. Қайта тұруға ұмтыла

беріп, етпетінен құлады. Маңдайы көк сіреуге шақ ете түсті... Бұдан әрі не болғанын білмейді, әлден уақытта көзін ашып еді, ұлпа қарға бір қырынан қисайып жатқанын байқады. Шынтақтай тіреніп, эзер бой көтеріп отырды. Жылайын десе, жылай алмайды. Айқайлайын десе, даусы шықпайды. Құдды біреу қарақұстан ұрып жыққандай мәңгіріп қалған сияқты. Қар әлі көлбей жауып тұр. «Жауады, – деді күбірлеп. – Әлі көп жауады». Бұны неге айтып отыр? Есінен адасқаннан сау ма өзі? Бойында жаны барда тағы алға жылжымай ма? Телжан орнынан тұруға енді ыңғайлана бергенде... кенет әлдеқайдан сиыр мөңірегендей болды. Бұл не, шалық па? Жо-жоқ, расында сиыр мөңіреді. Тіп ті жақын маңнан естіледі. Артынша бұлдыраған алдынан көп қаралы сиырдың қара-құрасы да көрінді. Қаптап келеді жа нуарлар... Мөңіреп келеді жануарлар. Манадан қыстығып отырған Телжанның көзінен жас бұршақтай жөнелді. Татар дәмі таусылмапты, жыламағанда қайтсін-ау?!. Көш алдында сабалақ жүнді бір сұр ит бүлкек-бүлкек етеді. Япыр-ау, мынау өз үйінің иті ғой. Өздерінің Құтпаны ғой. Бұлар қайда көшіп ба рады сонда?

Сиырлар бұдан үркіп, бір орында ұйлығып қалған. Көш со-ңындағы көкесі құрығын көтеріп, шауып жетті жанына. Телжан ұмтылып барып, тізерлей құлады.

–Тәңірім-ау, мынау Телжан ғой!.. Қайдан жүрсің, құлыным?! Қай құдай сені қаңғыртқан?! – деп көкесі аттан секіріп түсті. Сосын үстіндегі ұзын, қара тонын шешіп жіберіп, бұны тас қып орап, атқа көтеріп отырғызғанша, жирен қасқаға мінген апасы да жеткен қасына. Еміреніп келіп, егіліп келіп бетінен сүйген оған бір ауыз тіл қатуға Телжанда дәрмен жоқ еді...

Бұл кейін білді, совхоздың ойдағы шөбі таусылып, ірі қараны жайлаудағы қыстауларға шұғыл көшірген екен.

\* \* \*

Жайлауға келген соң Телжанның бойы серги бастады. Көкесі: «Биылша енді оқымайсың», – деп көңілін де жайлап қой ды. Бірақ бір апта өтпей-ақ сол жайлы көңілі тағы сүттей іріген. Малшыларды аралап жүрген бөлімше

бастығы көкесіне бір жапырақ хат тастап кеткен. Бір жапырақ хатты жарым сағат ежіктеп оқыған ол:

– Қабдөш мұғалім балаңды қайтар деп жатқан көрінеді. Қай теміз, Бағаш? – деген қиналып.

– Бала биыл оқымайды, – деді апасы қысқа ғана. Телжан іс осымен тынған шығар деп еді, арада төрт-бес күн өткенде Қабдөш мұғалімнен және бір хат жетті. Сөзінің тоқетері біреуақ: «Әзеке, балаңды оқуға қайтар...»

– Бір бала оқымаса ақшасы кеміп қала ма, бәтшағардың? Еш қайда жібермеймін Телжанды, – деді апасы бұ жолы да қасарысып.

Сосын көп өтпей-ақ үшінші хат қолына тигенде, ол күйіп кеткендей болды да, дереу өзі жауап жазуға отырды. Сондағы ұзақ хатының ұзын-ырғасы: «Баламды бала көрмеген үйге тұрғызып, құсадан қан құстыра алмаймын. Бітті!..»

Амал не, апасы «бітті» дегенмен, Қабдөш мұғалім «бітті» деп нүкте қоймады, үш күн өткен соң ауылдан келген біреу көкесіне тағы бір хатты табыс еткен. Бұл оның төртінші хаты және соңғы хаты болатын. Бұрынғы «Әзекесі» жоқ. «Әзберген» деп турасына көшіпті: «Әзберген, балаңды осы аптаның аяғына дейін жеткізбесең, өзім барып алып қайтамын. Мені босқа қи нама... Пәтер жағына қиналсаң, бала біздің үйде тұрсын...»

Көкесі жирен қасқаға шананы шегіп жіберіп, Телжанды сол күні ауылға ала жөнелді. Кештетіп үйге кірген бұларды Қабдөш мұғалім де қуана қарсы алған.

– Қабеке, бәрінен бұрын өзіңнен ұялдым, – дейді көкесі ақ-талған боп.

– Менен ұялма, Әзеке, ұрпағыңнан ұял. Ұрпағыңның болашағынан ұял. Біз жетпеген биікке осылар жетсе бопты да, – деп ол Телжанның маңдайынан сипаған.

\* \* \*

Арада талай жыл өтті. Телжан көпке белгілі талантты суретші болды. Сол атағымен өткен жылы ауылға келгенде, көшеде кездейсоқ Қабдөш мұғалімді кездестірген. Қартайса да бастауыш мектепте әлі мұғалім екен. Бірақ жұрт оны бұрынғыдай «Қабдөш мұғалім» демей, жай ғана «Қабеке» дейтін көрі неді. Телжан да ақырын: «Есенсіз бе, Қабеке?» – деді.

«Ассалаумалейкүм, мұғалім!» десем, аузым қисайып кететін бе еді?» – деп артынша өкініп те қалды...